

ГТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202520106>

Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна^{*1}

Phd доктор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 0900066, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162 naz-sb@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8934-2602

Утеулиева Венера Сакеновна²

Магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 0900066, Орал қ., Сарайшық, 34 Veniok_86@mail.ru, ORCID ID: 0009-0002-0022-9043

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІНДЕГІ МИССИОНЕРЛІК САЯСАТТЫҢ
БАРЫСЫ**

Аңдатпа. Мақалада батыс өңірдегі миссионерлік саясаттың тарихи контексті, әлеуметтік, мәдени және саяси аспектілерін талдау арқылы осы тақырыптың өзектілігін көрсету мақсат етілген. Қазақстанның батыс өңірінде миссионерлік саясаттың барысы – тарих, мәдениет, және діндер арасындағы өзара әсерлерді зерттеу тұрғысынан маңызды тақырып болып табылады. Бұл өңірге тән ерекшеліктерді, соның ішінде ұлттар мен халықтардың этникалық және діни көптүрлілігін, сондай-ақ аймақтың тарихи дамуын ескере отырып, миссионерлік әрекеттердің қалай жүзеге асқанын түсіну маңызды. Зерттеу барысында Қазақстанның батыс өңіріндегі миссионерлік қызметтің ерекшеліктері мен нәтижелері, осы қызметтің қазақ қоғамына және оның діни, рухани әлеміне әсері қарастырылады. Авторлар, қазақ даласының батыс өңірдегі миссионерлердің қызметінің негізгі бағыттары мен мақсаттарын мұрағат деректері арқылы талдап, жергілікті халықтың діни сенімдеріне қатысты жүргізілген империялық саясаттың салдарын, Қазақстандағы діни ахуалдың өзгеруіне тоқталған. Зерттеудің тарихи талдау, салыстыру әдістері бойынша мерзімдік баспасөз беттеріндегі ғылыми мақалалар мен монографиялық еңбектерге, докторлық диссертацияларға шолу жасалып, Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатының 174-175 қорларының, ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының 25-64 қорларының құжаттары талданып, ғылыми тұжырым жасалды.

Кілт сөздер. Миссионер, миссионерлік қызмет, рухани отарлау, дін, христиан діні, православие.

Кіріспе. Қазақстанның батыс өңірінде миссионерлік саясаттың барысы – тарих, мәдениет және діндер арасындағы өзара әсерлерді зерттеу тұрғысынан маңызды тақырып болып табылады. Бұл өңірге тән ерекшеліктерді, соның ішінде ұлттар мен халықтардың этникалық және діни көптүрлілігін, сондай-ақ аймақтың тарихи дамуын ескере отырып, миссионерлік әрекеттердің қалай жүзеге асқанын түсіну маңызды.

Қазақстанның батыс өңірі Ресей империясы кезеңінде де, Кеңес Одағы кезеңінде де үлкен өзгерістерді бастан өткерді. Әсіресе XIX-XX ғасырларда Батыс Қазақстанда православие діні мен миссионерлік қызметі кеңінен тарала бастады. Бұл аймақтың географиялық орналасуы да өз әсерін тигізді, себебі ол Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде, әр түрлі мәдениеттер мен діни ағымдардың араласу орталығы болды.

Миссионерлік саясаттың бағыты мен жүзеге асырылу барысындағы өзгерістері Қазақстанның батыс өңірінде түрлі ұлттар мен халықтардың арасында діни және мәдени

ынтымақтастықты қалыптастырды. Сонымен қатар, бұл аймақтағы діни сенімдердің еркіндігін шектеу мен діни көптүрлілікті бақылау да миссионерлік қызметтің құрамдас бөлігіне айналды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмысын жазу барысында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы миссионерлік қызметті сипаттайтын мұрағат деректері, мерзімдік баспасөз беттеріндегі жарияланған ғылыми мақалалар, монографиялық еңбектер мен кандидаттық, докторлық диссертациялардағы мәліметтер назарға алынды.

Ғылыми мақалада зерттеу барысында бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Тарихи талдау әдісі бойынша XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның батыс өңіріндегі миссионерлік саясаттың барысы мұрағат құжаттары, монографиялық еңбектер арқылы талданды. Талдау және синтездеу әдісі бойынша Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатының 174-175 қорларымен, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатының 25-64 қорларының құжаттары мен мерзімдік басылымдардан алынған мәліметтерді салыстыру арқылы ғылыми тұжырымдама жасалды.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанның батыс өңірі тарихи тұрғыда көптеген мәдениеттер мен діндердің тоғысуы орын алған аймақ болып табылады. Батыс Қазақстанның географиялық орналасуы, оның Еуропа мен Азия арасындағы маңызды сауда және мәдени байланыстардың орталығында болуы, бұл аймақтың түрлі діни ықпалдар мен дәстүрлерге ашық болуына себеп болды. Бұл өңір исламның басты дін болып қалыптасуы, сонымен қатар, христиан дінінің де өз жолын тауып, таралуында үлкен рөл атқарды. Христиан дінінің Қазақстанның батыс өңіріне таралуы ұзақ тарихи кезеңді қамтиды және ол түрлі саяси, мәдени және әлеуметтік факторлардың ықпалымен жүзеге асып отырды.

Христиан дінінің Қазақстанның батыс аймақтарына таралуы ерте орта ғасырлардан басталады. V-VI ғасырларда Византия империясы мен оған жақын аймақтардан келген миссионерлер бұл өңірде алғашқы христиан қауымдарын құрған. Жергілікті халықтармен байланыс орнату арқылы христиандықты қабылдаған адамдар пайда болды, бірақ бұл кезеңде христиан дінінің қазақ даласында кенінен таралуы орын алған жоқ.

XVI-XVIII ғасырларда Ресей империясы Қазақстанның батыс аймақтарына саяси және экономикалық ықпалын күшейте бастады. Ресейдің оңтүстік және батыс шекараларындағы христиан дінінің кең таралуы осы аймақтарға да әсер етті. Ресей православиелік шіркеуі өзінің миссионерлік қызметін жандандырып, қазақ халқының арасында христиан дінін таратуға ұмтылды. Бұл кезеңде христиан дінін тарату тек діни ғана емес, сонымен қатар саяси мақсатты да көздеді. Ресей империясының өкіметі христиан дінін қабылдаған халықтарды өзіне адал ету үшін, оларды арнайы миссионерлер арқылы дінге кіргізуді көздеді. Мұндай әрекеттер XVIII ғасырдың басында Қазақстанның батыс аймағында таралды.

Ресейдің түрлі ұлт өкілдерінен құралған үлкен империяға айналуына байланысты христиан дінін насихаттау - діни міндеттермен қатар орыстандыру саясатының маңызды бөлігі болып табылды. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында қазақ даласындағы орыс миссионерлігі барынша баяу жүрді. Оны тарихшылар православие шіркеуінің саясатына әсер еткен ішкі және сыртқы факторлармен байланыстырады. Сыртқы факторға сол ғасырда билік еткен саяси элитаның ұстанымы, атап айтсақ, барлық істерді дін ықпалынан ажыратып, зайырлы биліктің қолына берген II Екатерина мен I Александр жариялаған ағартушылық абсолютизм саясатын айтуға болады. Ал ішкі факторлар деп жатжерлік қоғамның тілін игерген миссионерлердің жоқтығымен, діни

тұлғалардың бұл үрдіске немқұрайлы қарауымен сипаттайды [1, 253-б.]. Дегенмен, империяның өркендеуіне қазақ даласының тигізер саяси және экономикалық маңызы бұл рухани тұрғыдан отарлау саясатының заңнамалық, ұйымдасқан тұрғыда, жаңаша екпінмен өрістеуіне серпін берді.

XIX ғасырдың екінші жартысы христиан дінінің миссионерлік қызметінің белсенді кезеңі болып саналады. Бұл кезеңде Ресейдің православие шіркеуі жергілікті халықтарды христиан дініне енгізу үшін арнайы миссионерлерді жіберіп, көптеген шіркеулер мен монастырьлар ашты. Қазақстанның батыс өңірлерінде атап айтар болсақ Орал, Атырау және Ақтөбе қалаларында православие шіркеулерінің саны артты. Осының нәтижесінде, қазақ халқының арасында христиан дінінің таралуы басталды, бірақ ол жергілікті мәдениетке толық енбей, көбіне көшпенді халықтар арасында ғана болды. Миссионерлер қазақтарға діни білім мен діни ғимараттарды құрумен қатар, христиандық мәдениетті де насихаттады. Әсіресе, орыс православие шіркеуі қазақ қоғамында дінге ғана емес, әлеуметтік өмірге де үлкен ықпал жасады. Бұл кезеңде Ресей империясы христиан дінінің таралуының діни маңызынан гөрі көбіне саяси ықпалын нығайтуға бағыттаған болатын. Сол кезде Орынбор облысының құрамына кірген Батыс Қазақстан территориясы орыс православие шіркеуінің миссионерлік саясатына алғаш ұшыраған өңірлердің бірі болып саналады. Ресей империясы қазақ жеріне белсенді түрде христиандықты енгізу мақсатында бірнеше шараларды жүзеге асырды. 1848 жылы империяның этникалық және діни әртектілігіне назар аудартып, жергілікті халықты христиан дініне өткізу үшін шаралар қабылдауды тапсырған император I Николай болды. Патша бұйрығын орындау үшін құрамына 15 приходтық діни қызметкерлер-миссионерлерден тұратын «пұтқа табынушылыққа қарсы» миссия құрылады. Дегенмен, сол кездегі саяси жағдайға байланысты миссия қызметі басталмастан-ақ 1854 жылы мамыр айында жабылып қалады [1, 254-б.]. Бұған миссия қызметінің табысты болатынына сенімсіздік білдірген сол кездегі басқарушы топтардың да саяси көзқарастарының (Орынбор генерал-губернаторы Перовский миссия қызметіне қарсылық білдіріп, дін қызметкерлерінің бұл міндетті атқаруына сенімсіздік білдірген болатын) себеп болғандығын айтуымызға болады.

Патшалық Ресей қазақ халқын орыстандыру, шоқындыру саясатын 1862 жылдан бастап ресми түрде жүргізе бастады. Сонымен қатар, Ресей империясы жүргізген әкімшілік басқару реформаларында да христиан дініне өткен қазақтарға бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Мысалы, 1867-68 жылғы реформалардың шеңберінде 1868 жылғы Орал-Торғай және Ақмола-Семей облыстарын басқару жөніндегі Ереженің «О правах киргизов» деген тарауында шоқынған қазақтарға көшіп-қонуда артықшылықтар беріліп, орыстар орналасқан ауылдық және қалалық қоныстарға алдын ала рұқсат сұрамастан тұрақтауға рұқсат берілген болатын [2, 88-б.]. Христиан дініне әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында енген бұратана халықтардың империя тарапынан уәде етілген жағдайлардың жасалмауынан кей жағдайда өз дініне кері оралу себептері жиі орын алды. Миссионерлердің қызметіне қазақ халқының көшпелі өмір салты қатты қиындық тудырды. Шоқынған қазақтарды бақылауда ұстаудың қиындығы миссионерлік қызметтің нәтижесін баяндаған хаттарда көрсетілген. Осындай жағдайлардың алдын алу мақсатында христиан дініне өткен қазақтарды бөлек ұстау үшін миссионерлік стандарт ұйымдастыра бастады. Мысалы, батыс өңірдегі Ақтөбе миссионерлік станы сол кездегі Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз уезддерінде мұсылмандыққа қарсы, миссионерлік шараларды жүргізуі тиіс еді. Осылайша христиан дініне өтіп, «шоқынған қазақтарды» өз қауымынан аластап, орыс тұрғындарының арасында болуына жағдай жасап, дінге беріктігін қамтамасыз етуді көздеді. Себебі, христиандандыру мәселесі орыстандыру мәселесімен тығыз байланысты еді.

1872 жылы генерал-губернатор Крыжановскийдің қатысуымен миссионерлік бағытта Орынбор рухани семинариясы ашылады. Жоғары Мәртебелі Орынбор епископына оқу комитетінің басшысы А.Добряковтың жазған хатында: «Предназначенная для приготовления духовных лиц на священнослужительская должности в местности с преобладающим магометанским населением и в казачьи станицы зараженные сектаторством в Букеевскую Орду в степные укрепления и во всю церкви Туркестанского Генерал-губернаторства Оренбургская семинария должна была бы иметь преимущественно миссионерский характер. С другой стороны при малолюдности духовных училищ» деп семинарияның қазақ даласындағы ұстанымын айқындайды [3, 80-п.]. Деректен көргеніміздей, оның миссионерлік бағыттағы қызметінің басым болуы керектігі баса айтылған.

1875 жылы 21 қарашада Орынбор қаласында православие миссионерлік қоғамының епархиалды комитеті ашылып, аталмыш комитет жергілікті тұрғындарды орыстандыру мақсатында жатжерліктерге арналған үш мектеп ашады [1, 255-б.]. Мысалы, Ақтөбе миссионерлік станының жанында 20 адамдық интернаты бар бірсыныптық мектеп болды. Мектеп шетжерліктердің діни-адамгершілік дамуының маңызды және жарамды құралдарының бірі болып табылады. «Мектепте қазақ балалары үнемі бақылауда болды және олар орыс ұлдарының ықпалымен, христиандық ортада, жаңа жағдайда өмір сүреді. Төрт жылдық оқыту курсы қырғыз балаларына әсер ету үшін жеткіліксіз. Миссионерлік және білім беру мақсаттары үшін мектепті екі сыныпқа айналдырған жөн, бұл қырғыздарға ұзақ уақыт бойы мектепте оқытылатын пәндерді мұқият игеруге, орыстармен тығыз байланыста болуға, сенім мәселелеріне саналы түрде қарауға мүмкіндік береді» деп мұрағат деректері көрсеткендей, миссионерлік мектептердің рухани отарлаудағы маңызы ерекше болғандығын көруімізге болады [4, 15-п.]. Бұл мектептерде сабақ беретін діни қызметкерлерге қойылатын талаптар өте жоғары болды. Олар діни білімдермен қатар, миссионерлік ілімдерді қатар меңгерген, әсіресе, миссионерлік бағыттағы пәндерді ұтымды игертетін Орынбор рухани семинариясының тәрбиеленушілері арасынан болғаны талап етілді [5, 21-п.]. Сонымен қатар, миссионерлерге жергілікті халықтың тілін, өмір салтын игеру талабы да қойылған еді.

Деректерге сүйенсек, миссионерлік мектептерге қазақтар өз балаларын беруге қорықты. Қазақтар арасында тек христиандыққа ғана емес, сонымен бірге базар саудагерлері - татарлар, түріктер, сарттар, черкестердің ықпалымен жалпы орыс халқына қарсы зұлым-араздық күшті болды. Миссионерлердің міндеті қазақ даласындағы қоныстарды аралап, жергілікті халыққа дінді насихаттау еді. Осы жолда өз уағыздарын сенімді жеткізу үшін жергілікті тұрғындардың тілін біліп, олардың тұрмыс-салтына бейімделу өте маңызды болды. Себебі, «Орал облысында ислам жүйелі түрде ұйымдастырылған деп айтуға болады. Мұсылманша сауат ашып, арабша хат танымаған, исламның пайдасына уағыз айта алмайтын қырғызды кездестіру мүмкін емес» деп мұрағат деректері көрсеткендей [6, 108-110-п.], қалыптасқан діни сананы бұзып, өз діндерін таңу миссионерлер үшін қиындық тудырды. Дегенмен, аталған қиындықтарға қарамастан Орал облысында миссионерлік стан жанынан екі сыныптық кешкі колонер мектептерін ашу – қазақтар арасында христиандық және орыс ағартушылығының бастамасы болады деп көзделген. Себебі, бұл мектептерді 4-5 жыл оқып, орыс тілі мен христиандық рухта тәрбиеленген шоқынған және шоқынбаған жатжерліктер өз жерлестеріне бұл ағартушылық ықпалды тигізбеуі мүмкін емес еді. Сондықтан, жергілікті халық арасынан миссионерлер дайындау миссионерлік қызмет үшін ең ұтымды тәсілдердің бірі болды. Ал бұл нәтижеге тек миссионерлік мектептер арқылы қол жеткізуге болатын еді.

XIX ғасырдың 80-90 жылдарында Ресейде басыбайлы құқықтың жойылуына орай, орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныстандыра бастады. Орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты – рухани отарлау жолдағы ең сенімді әдістердің бірі еді. Қазақ жеріне қоныстанған орыс шаруалары жат жерге келіп өз дінінен, тілінен, ділінен, мәдениетінен ажырап қалмаулары үшін мемлекет пен шіркеу тарапынан қолдауға ие болды. Қоныстанушы шаруалар әдетте қарапайым кедей халықтың өкілдері болғандықтан, мемлекет олардың өтініші негізінде өз есебінен шіркеулер салып отырған. Осылайша, орыс шаруалары қоныстанған Қазақстанның батыс аймақтарында шіркеулер саны артып, православие шіркеуінің тіректері көбейе бастады. Дегенмен, қоныстандыру саясатын отарлау, орыстандыру саясатының құралы ретінде танып, жергілікті халықтың қаймағын бұзуға орыс шаруаларын пайдалануды көздеген империя саясатының да өзіндік қарама-қайшылығы болғандығын айта кеткен абзал. Себебі орыс қоныстанушылары әлеуметтік жағдайлары төмен, өмір сүрудің қамы үшін келген кедейленген топтар болғандықтан, олардың мемлекет белгілеген діни саясатты жүргізуге құлшыныстары болмады. Олардың соншалықты діндар адамдар болмағанын мұрағат материалдары да айқындай түседі. Сол себепті қазақ даласындағы қазақтарды ғана емес, өз азаматтарының да діни ұстанымдарын бақылауда ұстау қажеттілігі туындады. Осы орайда, орыстандыру саясатын, миссионерлік қызметті өз қолына алған православие шіркеуі - отарлаудың дербес институты болды. Ол мемлекеттік аппаратпен бірге өлкені әкімшілік-территориялық, рухани тұрғыдан отарлау ісіне ат салысып, мемлекеттік-шіркеулік қондырманы алып келді. Осылайша, орыс самодержавиесі православие шіркеуін Қазақстанды отарлаудағы сенімді тіректерінің бірі ретінде көрді.

Православие шіркеуінің христиандық салт-дәстүрлерін толықтай бойларына сіңірмеген жаңадан шоқынған қазақтарға христиандық өмірдің озық үлгісін көрсету маңызды болды. Себебі, жаңадан шоқынғандар өздерінің христиан көршілерінің өміріне назар аударатындықтан, қоныстанушы-орыстарға православие шіркеуінің жарғысы мен тақуалық әдет-ғұрыптарын мінсіз орындап, христиандық өмірдің жақсы жақтарын дәріптеу мәселесі қойылды. Шоқынған қазақтарға үнемі миссионерлік бағытта рухани қолдау жасалып, кей жағдайларда материалдық көмек көрсетіліп отырған. Мысалы, Торғай облысының дін қызметкері Емелиан Даулей бес рет миссионерлік бағытта қазақ даласына сапар жасап, қырғыздарға (қазақтарға) діни, тарихи әңгімелерді, уағыздарды қырғыз тілінде оқып бергендігін айтады. Сонымен қатар, қазақ ауылдарына жақын орыс қоныс аударушыларының ауылдарын да аралап, олардың жеткілікті түрде христиан дінін ұстанбайтынын анықтаған. Оларға христиан дінінің ұлылығын дәріптейтін уағыздар айтылып, шіркеу заңдарын мықты ұстанып, қазақтар арасында өз діндерін тарату үшін үлгілі өмір сүру қажеттігі айтылады [7, 3-4-п.]. Себебі христиан дінін қабылдаған қазақтар көбіне діннен жақындық таба алмай, дінді орыс халқының тұрмыс салтындағы әдеттермен шатастырды.

Христиан дінін таратуда миссионерлер бірқатар қиындықтарға ұшырады. Жоғарыда аталғандай, қазақ халқының көшпелі өмір салтымен қатар, ислам дінінің ықпалының жоғарылауы миссионерлік қызмет пен отаршыл саясаттың тежелуіне ықпал етті. Ислам дінінің қазақ жерінде таралуында бұхар және татар молдаларының ықпалы зор болды. Олар қазақ жерінде ислам дінін таратуға тыйым салынғанына қарамастан, әртүрлі әдістермен өз мақсаттарын орындап отырды. Сондай айла-тәсілдердің бірі саудасаттық қарым-қатынас еді. Бұл туралы мұрағат деректерінде де кездеседі. Орынбор епархиясының Торғай облысы бойынша миссионері Ф.Соколов өзінің қазақ даласындағы сапарларында үнемі ұсақ-түйек тауарлар салынған қораптарды ұстаған, кейде қырғыздардан қарыз жинап жүрген татарларды кездестіргенін айтады. Бір сөзбен айтқанда, татарлардың заңды жолмен қазақ даласын аралап жүріп, көшпелі қырғыздарды

мұсылмандық фанатизмнің уымен сусындатып жүргендігін айтады [8, 52-п.]. Қазақ даласында сауда байланыстарымен еркін жүріп-тұруға өздерінің әлеуметтік мәртебесін пайдаланған көпестер сауда жасай жүріп, исламның идеяларын таратушылар болды. Миссионерлік қызметке кедергі келтіретін факторларды жою мақсатында дін қызметкерлерінің саяси-әкімшілік билікке бар жағдайды баяндап отырғандығын мұрағат деректері дәлелдей түседі. Мәселен, 1893 жылғы, 19 қаңтарда Семей облысының әскери губернаторына Томск және Семипалатинск епископтарының жазған хатында қырғыз даласында исламды насихаттауды жою мақсатында Қазан, Орынбор және т.б. губернияларда татар, бұқар, түрік, т.б. халықтардың көшіп-қонуына тыйым салып, қатаң әкімшілік бақылауға алуды сұрайды. Сонымен қатар, дала тұрғындарына, татарларға сауда жасау мақсатында еркін жүріп-тұруға тиым салып, сауда үшін арнайы пункттер белгілеуді, молдаларға қырғыздар арасында мұсылмандық кітаптар мен басқа да басылымдар арқылы исламды насихаттауға тиым салуды сұрайды [9, 35-п.]. Осылайша, тұрғындардың діни санасында орныға бастаған ислам дінін ығыстырып, оған тосқауыл қою үшін татар, бұқар, түрік, т.б. халықтардың саудагерлерінің қазақ даласында сауда жасауына шектеу қояды.

Исламға қарсы миссионерліктің теориялық базасының, арнайы координациялық және қаржылық құрылымдарының қалыптасқанына, өзге діндермен салыстырғанда қазақ даласында үгіт-насихат жүргізудегі заңды тұрғыда бекіген монополиялық артықшылығына қарамастан, православие миссионерлері өздеріне артылған міндеттерді толықтай орындай алмады. Қазақ даласында, әсіресе географиялық тұрғыдан Ресейге шкаралас жатқан Қазақстанның батыс өңірінде православие шіркеуі жүргізген миссионерлік саясат нәтижесінде XX ғасырдың I ширегінде Орынборлық Епархия құрамында 2 млн 300 мың адам болды, оның 800 мыңы бөгде, негізінен мұсылман халқынан болды [10, 128-б.]. Қазақ даласындағы православие миссионерлігі өзіне дейін бекіген мұсылмандық діни сенімді толықтай ығыстырып шығара алмады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, Қазақстанның батыс өңіріндегі христиан дінінің таралу жолдары — бұл ұзақ тарихи процесс екендігін білдік. Оған түрлі саяси, мәдени және әлеуметтік факторлар өз әсерін тигізді. Ресей империясының рухани отарлауының құралы болған христиан діні қазақ қоғамы мен жергілікті халықтардың рухани санасына, мәдениеті мен өмір салтына, діни тәжірибесіне ықпал етті. Бүгінде бұл аймақта христиан қауымдары өзінің мәдени және діни дәстүрлерін сақтап, Қазақстандағы басқа діндермен қатар өз орнын табуда. Христиан діні Қазақстанның батыс аймағында өзінің орнықты дамуын жалғастыруда, бұл әртүрлі діни бағыттардың өзара әрекеттесуіне негіз болатын үлкен мәдени және әлеуметтік фактор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тасмағамбетов, А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII-начале XX вв. [Текст] / А.С. Тасмағамбетов. – Уральск, 2010. – 253-255 с.
- 2 История Казахстана. Сборник документов XVIII – начала XX веков. [Текст] // Алматы, Қазақ университеті, 2001. – 88 с.
- 3 Орынбор облыстық Мемлекеттік Архиві (алда – ООМА) 174-қор, 1-тізбе, 121-іс, 80-п.
- 4 ООМА, 175-қор, 1-тізбе, 153-іс, 15-п.
- 5 ООМА, 175-қор, 1-тізбе, 8-іс, 21-п.
- 6 ООМА, 175-қор, 1-тізбе, 25-іс, 108-110-п.
- 7 ООМА, 175-қор, 1-тізбе, 153-іс, 3-4-п.
- 8 Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық архиві (алда - ҚР ОМА) 25-қ., 1-т., 1426- іс, 52-п.

9 ҚР ОМА. 64 -қ.,1-т.,3155– іс, 35-п.

10 Мырзахметов, М. «Қазақ қалай орыстандырылды» [Текст] / М. Мырзахметов. – Алматы: Атамұра, 1993. – 128 б.

REFERENCES

1 Tasmagambetov, A.S. Istorija konfessii Kazahstana v konce XVIII-nachale XX vv. [The history of the denomination of Kazakhstan in the late XVIII-early XX centuries]. Ural'sk, (2010): 253-255 s.

2 Istorija Kazahstana. Sbornik dokumentov XVIII – nachala XX vekov. [The history of Kazakhstan. Collection of documents of the XVIII – early XX centuries]. Almaty, Kazakh universiteti, (2001): 88 s.

3 Orynbor oblystyk Memlekettik Arhivi (alda – OOMA) 174-kor, 1-tizbe, 121-is, 80-p.

4 OOMA, 175-kor, 1-tizbe, 153-is, 15-p.

5 OOMA, 175-kor, 1-tizbe, 8-is, 21-p.

6 OOMA, 175-kor, 1-tizbe, 25-is, 108-110-p.

7 OOMA, 175-kor, 1-tizbe, 153-is, 3-4-p.

8 Kazakhstan Respublikasy Memlekettik Ortalyk arhivi (alda - KR OMA) 25-k., 1-t., 1426– is, 52-p.

9 KR OMA. 64 -қ.,1-т.,3155– іс, 35-п.

10 Myrzahmetov, M. «Kazakh kalaj orystandyryldy» [Kazakh cities are Russified]. Almaty: Atamura, 1993. – 128 b.

Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна*¹

Доктор Phd, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Республика Казахстан, 0900066, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 162 naz-sb@mail.ru, ORCID ID: 0000-0001-8934-2602

Утеулиева Венера Сакеновна²

Магистрант, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Республика Казахстан, 0900066, г. Уральск, Сарайшык, 34 Veniook_86@mail.ru, ORCID ID: 0009-0002-0022-9043

ХОД МИССИОНЕРСКОЙ ПОЛИТИКИ В ЗАПАДНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Статья призвана показать актуальность данной темы путем анализа исторического контекста, социальных, культурных и политических аспектов миссионерской политики в западном регионе. Ход миссионерской политики в западном регионе Казахстана является важной темой с точки зрения изучения взаимовлияний между историей, культурой и религиями. Важно понимать, как осуществлялась миссионерская деятельность, учитывая особенности, характерные для этого региона, в том числе этническую и религиозную множественность наций и народов, а также историческое развитие региона. В ходе исследования будут рассмотрены особенности и результаты миссионерской деятельности в западном регионе Казахстана, влияние этой деятельности на казахское общество и его религиозный, духовный мир. Авторы проанализировали основные направления и цели деятельности миссионеров западного региона казахской степи с помощью архивных данных, остановились на последствиях проводимой имперской политики в отношении религиозных убеждений местного населения, изменении религиозной ситуации в Казахстане. Проведен обзор научных

статей и монографических работ, докторских диссертаций на страницах периодической печати по методам исторического анализа, сопоставления исследований, проанализированы документы 174-175 фондов Оренбургского областного государственного архива, 25-64 фондов Центрального государственного архива РК, сделан научный вывод.

Ключевые слова. Миссионер, миссионерская деятельность, духовная колонизация, религия, христианство, православие.

Sabyrgalieva Nazgul Baktygalievna*¹

Phd, West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Republic of Kazakhstan, 0900066, Uralsk, N. Nazarbayev Ave., 162 naz-sb@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0001-8934-2602

Uteulieva Venera Sakenovna²

Master's student, West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Republic of Kazakhstan, 0900066, Uralsk, Sarayshyk, 34 Veniook_86@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0002-0022-9043

**THE COURSE OF MISSIONARY POLICY IN THE WESTERN
REGION OF KAZAKHSTAN**

Abstract. The article aims to show the relevance of this topic by analyzing the historical context, social, cultural and political aspects of missionary policy in the western region. The course of missionary policy in the western region of Kazakhstan is an important subject from the point of view of studying the interaction between history, culture and religions. It is important to understand how missionary activities were carried out, taking into account the characteristics inherent in this region, including the ethnic and religious diversity of nations and peoples, as well as the historical development of the region. The study examines the features and results of missionary activity in the western region of Kazakhstan, the impact of this activity on Kazakh society and its religious and spiritual world. The authors analyzed the main directions and goals of the activities of missionaries in the western region of the Kazakh steppe through archival data, focused on the consequences of the imperial policy on the religious beliefs of the local population, changes in the religious situation in Kazakhstan. According to the methods of historical analysis and comparison of the study, a review of scientific articles and monographic works, doctoral dissertations on the pages of the Periodical Press was carried out, documents of funds 174-175 of the Orenburg Regional State Archive, funds 25-64 of the Central state archive of the Republic of Kazakhstan were analyzed and scientific conclusions were made.

Key words. Missionary, missionary activity, spiritual colonization, religion, Christianity, orthodoxy.